

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1091 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 24 маусымдағы N 193 өкіміне сәйкес Алматы қаласындағы есептеу құралдарымен жабдықталған үйлерде коммуналдық қызмет көрсетулердің іс жүзіндегі тұтынуына тексерістер жүргізілді. Тексеріс қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі жылу мен ыстық суды тұтынудың жаңа нормаларын е с е п т е д і .

Алматы қаласының жылу жүйелерін қысқа дайындау жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*